КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 05 маусым №2301-24-00-2/1565 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау қалалық перзентханасы ШЖҚ КМК Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Ермек Азимов»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Ж.Молдашева
Прокурор А.Сағындықов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 12 сәуірде мемлекеттік сатып алу туралы №112 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «50 дана термоқағаз» жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 159 950 теңге, орындау мерзімі – Шартқа қол қойған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 2 мамырға дейін.

2024 жылғы 19 сәуірде жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтіндігі анықталған,

ол туралы акт жасақталған, 25 сәуірде жауапкерге тауардың техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша жазбаша хабарлама жіберілген.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер тиісті орындалмай, «50 дана термокағаз» жеткізілмеген, ол туралы жауапкерден ешқандай туындаған қиыншылықтар немесе дәлелді хат келіп түспеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Прокурор талап қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 12 сәуірде мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №112 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «50 дана термоқағаз» жеткізуге міндеттенген. Орындау мерзімі – 2024 жылғы 2 мамырға дейін.

Шарттың 4.2. тармағына сәйкес Шарт шеңберінде көрсетілетін Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс. Ал 4.3. тармағына сай Егер тексеру кезінде көрсетілген қызметтің нәтижелері техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап бес жұмыс күні ішінде.

2024 жылғы 19 сәуірде тауар жеткізілген, алайда тексеру барысында «Ермек Азимов» жеке кәсіпкерімен техникалық ерекшелікте көрсетілген тауардың сәйкес келмейтіндігі, атап айтқанда ұсынған термоқағаздың ені 60 мм-ден, ұзындығы 60 мм-ден асатындағы, ені 56 мм-ден, ұзындығы 60 мм-ден аспау керек деген талапқа сай еместігі анықталған.

Жауапкерге ол туралы акт жолданған.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, шартта көрсетілген тауар жеткізілмей, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, жауапкерге бес жұмыс күні ішінде сәйкессіздіктерді жоюға уақыт берілсе де, «50 дана термоқағаз» тиісінше жеткізілмегенін көрсетті.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 72-бабының 1-бөлігіне сай, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Жауапкермен талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелер сотқа ұсынылмады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2.АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу

(айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші орындаушыдан өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден кешіктірілген 22 күнге 3 519 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексерді, оның дұрыс жасалғандығын анықтады.

Бұл жағдайда, кешіктірілген 22 күнге жауапкерден 3 519 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап коюшының пайдасына 106 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау қалалық перзентханасы ШЖҚ КМК Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының жеке кәсіпкер «Ермек Азимовті» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы, тұрақсыздық айыбын туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ермек Азимов» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Ермек Азимовтан» Атырау қалалық перзентханасы ШЖҚ КМК Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының пайдасына 3 519 (үш мың бес жүз он тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы, 106 (жүз алты) теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Ермек Азимовтан» мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына

ынша

дан
ше
ып

й

қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс:
Төраға А.Б.Саудабаев
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2024 жылғы « 16 » тамыз енді.

Төраға А.Б.Саудабаев